

Баспасөз хабарламасы

Астана қ., 27 ақпан 2023 жыл

«ҚазТрансОйл» АҚ Германияға мұнай жеткізу үшін «Транснефть» ЖАҚ магистральдық мұнай құбырлары жүйесіне қазақстандық мұнайды тапсырды

«ҚазТрансОйл» АҚ Германияға мұнай жеткізу үшін «Адамова застава» мұнай тапсыру пунктiнiң бағыты бойынша «Транснефть» ЖАҚ магистральдық мұнай құбырлары жүйесiне 20 мың тонна қазақстандық мұнайды тапсыруды 25 ақпанда жүзеге асырды.

2022-ші жылдың желтоқсан айында «ҚазТрансОйл» АҚ 2023 жылы 1,2 млн тонна қазақстандық мұнайды «Транснефть» ЖАҚ магистралды мұнай құбырымен «Адамова застава» мұнай бекетi арқылы Германияға жеткізуге өтiнiм берген болатын. Мұнайдың бұл транзитi Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы үкiметi арасындағы 2002 жылғы 7 маусымдағы келiсiм шеңберiнде жүзеге асады.

Анықтама үшін:

«ҚазТрансОйл» АҚ – магистральдық мұнай құбыры бойынша ұлттық операторы болып табылады. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ тобына кiредi. Ұзындығы 5,4 мың км әртараптандырылған магистральдық мұнай құбыры желiсiне иелiк етедi. Мына бағыттар бойынша қазақстандық мұнай өндiру зауыттарына және экспортқа мұнай тасымалдайды: «Өзен-Атырау-Самара» магистральдық мұнай құбырының «Атырау – Самара» учаскесi, «Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС жүйесiне аустырып тиеу («Атасу-Алашанькоу» мұнай құбыры), Ақтау порты (танкерге мұнай құю), «Каспий Құбыры Консорциумы» АҚ жүйесiне ауыстырып тиеу, «Шағыр» МҚП және Т. Қасымов атындағы МАС-та темір жол цистерналарына мұнай құю.

**«ҚазТрансОйл» АҚ
жұртшылықпен байланыс
және iшкi коммуникациялар департаментi**